

Sovetskaja derevnja glazami VChK, OGPU, NKVD. 1923-1929 gg. Dokumenty i materialy. T 2. [Materials of the State Commission for the full rehabilitation of victims of political repression (20-50s of the XX century). T 2.]. ROSSPJeN, 2000. – 1168 p. [in Russian].

Tragedija kazahskogo aul. 1928-1934: Sbornik dokumentov. T 1. [The tragedy of the Kazakh village. 1928-1934: Collection of documents. T 1.]. Almaty: «Raritet», 2013. – 743 p. [in Russian].

Tragedija sovetskoj derevni. Kollektivizacija i raskulachivanie. Dokumenty i materialy. T 2. nojabr' 1929 — dekabr' 1930 [The tragedy of the Soviet village. Collectivization and dispossession. Documents and materials. T 2.]. Moscow ROSSPJeN, 2000. – 927 p. [in Russian].

Ugolovnyj kodeks RSFSR redakcii 1926 goda [The Criminal Code of the RSFSR, as amended in 1926]. Moscow: 1927. [in Russian].

Zhirindinova, K.R., Zhanbosinova, A.S., Atantaeva, B.Zh. Social adaptation of Kazakh nomads in the period of forced collectivization. //Opción, Año 35, Especial No.23 (2019): 164-180.// <https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/30037/31074> [in English].

Авторлар туралы мәліметтер

Атантаева Бакыт Жумагазиевна – тарих ғылымдарының докторы, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің профессоры, Семей, Қазақстан.

Ботабекова Айжан Рымбековна – тарих магистрі, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің оқытушысы, Семей, Қазақстан.

Турлыбаев Мәди Ермекович – докторант, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан.

Information about the authors

Atantayeva Bakyt Zhumagazievna – Doctor of Historical Sciences, Professor at Semey Shakarim University, Semey, Kazakhstan.

Botabekova Aizhan Rymbekovna – Master of History, lecturer at Semey Shakarim University, Semey, Kazakhstan.

Turlybaev Madi Ermekovich – PhD candidate, Shakarim University, Semey, Kazakhstan.

Сведения об авторах

Атантаева Бакыт Жумагазиевна – доктор исторических наук, профессор Университета имени Шакарима города Семей, Семей Казахстан.

Ботабекова Айжан Рымбековна – магистр истории, преподаватель Университета имени Шакарима города Семей, Семей Казахстан.

Турлыбаев Мәди Ермекович – докторант, университет имени Шакарима г. Семей, Семей, Казахстан.

ҒТАХР 03.81.35

XX ҒАСЫРДЫҢ ІІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Надира А. Махметова ¹, Жанна С. Аубакирова ²

¹С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті (Өскемен, Қазақстан)

²Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті

(Өскемен, Қазақстан)

E-mail: ¹nadira_95_@mail.ru, ²zhanna_aubakirova707@inbox.ru

¹<https://orcid.org/0000-0001-6701-8019>

²<https://orcid.org/0000-0003-1179-5518>

Аңдатпа. Бұл мақалада Шығыс Қазақстан және Семей өңірлерінің демографиялық жүйесінің дамуы мен құрылымы жан-жақты талданады. 1959 және 1989 жылдардағы халық санағы нәтижелерін пайдалана отырып, аймақтар арасындағы халық санының динамикасы, орналасу ерекшеліктері, ұлттық және жас-жыныстық құрамы салыстырылды. 1950-1980 жылдары қазақ халқының табиғи өсімі аймақтың этникалық құрамында айтарлықтай өзгерістерге себеп болды, ал орыс халқының саны табиғи кему және көші-қон арқылы азайды. Бұл кезең қазіргі шығыс өңірдің демографиялық құрылымын анықтауда маңызды рөл атқарды.

Қазақстанның шығыс өңірі ұлттық құрамының ерекшелігі: аймақта қазақ және орыс ұлттарының басымдылықта болуында. 1950-1960 жылдардағы қазақтардың «демографиялық жарылыс» кезеңі осы өңірде аталған этностың табиғи өсімнің ұлғаюына әкеліп, шын мәнінде XX ғасырдың 50-80-жылдарында орын алған өзгерістердің триггеріне айналды. Орыс этносы санының азаюы табиғи кетудің және механикалық азаюдың нәтижесінде болды. Осы жылдар Шығыс Қазақстан облысының қазіргі демографиялық жағдайын қалыптастыруда маңызды кезең болды. Мақаланың өзектілігі 1950-1980 жылдары орын алған демографиялық процестердің өңірдің демографиялық ахуалын анықтаудағы маңызды тарихи кезең ретінде демографиялық тенденцияларды зерттеуге негізделген. Қазіргі таңда қалыптасып отырған демографиялық үрдістердің қайнары осы 30 жылдықтың жемісі болды. 1950-1980 жылдары туған балалар қазіргі адам сапасы деңгейінде маңызды рөл атқарып, қазіргі ұлттық жас құрамын құрап, Қазақстанның шығыс өңірінің демографиялық дамуының айқын көрінісі болып отыр. Демографиялық процестердің аймақтың әлеуметтік және ұлттық дамуына тигізген әсерін зерттеу негізге алынды.

Түйін сөздер: Шығыс Қазақстан, демографиялық даму, табиғи өсім, қоныстану, этникалық құрам, халық саны.

Алғыс айту. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігі Ғылым Комитетінің гранты бойынша "Қазақтар Қазақстанның демографиялық әлеуеті ретінде: ретроспективті және даму перспективалары" ғылыми жобасы шеңберінде дайындалды (ИРН 9676895)

Кіріспе

Аймақтық тарихты зерттеуде негізгі назар тұрғындардың қалыптасу процесіне аударылады. XX ғасырдың ортасынан бастап, Қазақстан аумағында, әсіресе шығыс өңірде, демографиялық көрсеткіштердің тұрақтануы байқалды. Бұл кезең халықтың табиғи өсіміне негізделген демографиялық жүйенің нығаюының бастамасы болды.

Мақалада зерттеу нысаны ретінде Шығыс Қазақстан және Семей облыстарының аумақтық-демографиялық деректері алынды. Зерттеу үшін 1959 және 1989 жылдардағы халық санағының мәліметтері пайдаланып, бұл деректер негізінде тұрғындардың саны, ұлттық құрылымы, қала мен ауыл халқының арақатынасы және жас-жыныстық ерекшеліктері салыстырмалы түрде қарастырылды. 1950-1960 жылдары Қазақстанда орын алған «демографиялық жарылыс» кезеңі шығыс өңірде қазақ этносының санының күрт өсуімен және орыс халқының табиғи және механикалық себептермен азаюымен ерекшеленді. Мақала аймақтық этнодемографиялық өзгерістерге, олардың Қазақстанның шығыс өңіріндегі әлеуметтік-экономикалық ахуалға тигізген әсеріне бағытталған.

Тарихи демографиялық зерттеулерде жалпы Қазақстанда 1950-1960 жылдардағы «демографиялық жарылыс» болғаны туралы жалпы айтылғанымен, алайда, аймақтық

ерекшеліктері жеке алып талданбаған. Қазақстанның шығыс өңірі халқы динамикасының өзгеруін, этникалық және жас-жыныстық құрамын қарастыру мақаланың негізгі мақсаты болып табылады.

1950-1980 жылдардығы демографиялық үрдістердің қазақтардың тәуелсіз демографиялық жүйе қалыптастыруындағы алғышарттары болып табылады. Қазіргі таңда қалыптасып отырған демографиялық үрдістердің қайнары осы 30 жылдықтың жемісі болды. 1950-1980 жылдары туған балалар қазіргі адам сапасы деңгейінде маңызды рөл атқарып, қазіргі ұлттық жас құрамын құрап отыр.

Бүкіл республикада демографиялық ахуал қарқынды дамыды, алайда әр аймақтық өзіндік ерекшелігі болды. Соның ішінде, Қазақстан шығыс аумағында өзіндік ерекшелігімен бөлек бағытта болды. Шығыс Қазақстан және Семей облысында қазақтар саны аз болды. Ал славян тектес ұлттар саны басым болды. Оның бірден-бір себебі миграциялық үрдістер болды. 1950-1960 жылдардағы демографиялық үрдістер «демографиялық толқындар» нәтижесі болып келесі онжылдықтарта қазақ этносының негізгі өсім көрсеткішіне үлкен әсер етті.

Халықтың демографиялық әл-ауқаты, халық санының өсу динамикасы елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жоспарлауға, қоғамның болашағын болжауға әсер етті. Мақаланың өзектілігі 1950-1980 жылдары орын алған демографиялық процестердің өңірдің демографиялық ахуалын анықтаудағы маңызды тарихи кезең барысын зерттеуге негізделген. Осы кезеңдегі Қазақстан шығыс өңірінде орналасқан екі облыстың (Шығыс Қазақстан облысы және Семей облысы) аймақтық ерекшелігі, демографиялық ахуалы толық зерттелмеген.

Материалдар мен әдістер

XX ғасырдың ортасынан бастап Қазақстан аумағына қатысты демографиялық мәліметтер айқын көріне бастады. Оған дәлел, халық санағы. Осы мақалада негізгі дерек көзі ретінде Қазақстан аумағында – 1959, 1970, 1979, 1989 (Статический, 1991) жүргізілген халық санағы нәтижелері қолданылды. Осы статистикалық мәліметтер негізінде кестелер, диаграммалар жасалды.

Зерттеу барысында алға қойған мәселелерді тиянақты әрі ғылыми тұрғыда жазу мақсатында тарихилық, объективтілік принциптері басты назарға алынды. Түрлі кезеңдердегі статистикалық мәліметтерді қолдана отырып, салыстырмалы тарихи әдіс қолданылды. XX ғасырда Қазақстан аумағында, соның ішінде Қазақстанның шығыс өңіріндегі тұрғындары саны, олардың қала және ауылда орналасу ерекшелігі, ұлттық және жас-жыныстық құрамы тарихи-жүйелілік әдісі арқылы сараланды. Тақырып демографиялық үдерісті қозғаннан кейін, тарих ғылымы үшін маңызды әрі жиі қолданылатын әдістердің бірі хронологиялық әдістер зерттеу жұмысында көрсетілді.

Талқылау

XX ғасырдың ортасы және екінші жартысы жалпы Қазақстан үшін СССР- халқының этникалық құрамы түбегейлі өзгерді. Бұл өзгерістер миграциялық процестермен байланысты болды. Ішкі миграция бірнеше онжылдықтар ішінде әлеуметтік-экономикалық, этнодемографиялық, әлеуметтік-мәдени және басқа да құбылыстардың мәнін анықтады. Бұл процесстерде негізгі рөлді республика халқының, оның ішінде қалаларды басым бөлігін құрайтын славян ұлттары болды. Қазақстанның шығыс өңіріне осы құбылыс тән болды. Себебі осы өңірде славян ұлты басым еді. Кеңестік тарихнамада негізінен XX ғасырдың 50-80 жылдары Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жетістіктері контекстінде (тың жерлерді игеру, өндірістік алға басу және т.б.) индустриалдық кадрлардың өсуін, жұмысшы топтың ұлғаюын, жалпы әлеуметтік құрылымның өзгеруін қарастырады (Алексеев А.Н., Аубакирова Ж.С., 2017).

XX ғасырдың екінші жартысындағы жалпы Қазақстандағы демографиялық өзгерістер туралы көптеген ғылыми еңбектер жазылды. Алайда, Шығыс Қазақстан өңіріне қатысты тарқатылған ғылыми зерттеулер аз. Шығыс Қазақстан өңірін алғаш әрі тыңғылықты зерттеушілердің бірі Алексеев Н.В., История Восточного Казахстана в документах и

материалах (Алексеев Н. В., 2007), «Народы Восточного Казахстана» (Алексеев А. Н., 1994) оқулығында Шығыс Қазақстан облысының этникалық құрамына шолу жасаған. Зерттеуде Шығыс Қазақстан өңірінде қоныстанған барлық ұлттар қамтылған, алайда өңірде қоныстанған басым ұлттар қазақ, орыс және т.б. ұлттары туралы мәліметтер толық берілген. Өртүрлі кезеңдерде облыс территориясының өзгеруіде атап көрсетілген. Халық санының, соның ішінде қазақ ұлтының өсу, кему процесстерінің себебі Аубакирова Ж.С., Алексеев А.Н., Столярова Э.О. “Demographic processes in Kazakhstan in the 20-80s of 20th century” мақаласында көрсеткендей XX ғасырды екіге бөліп қарастыруға болды. 1920-1940 жылдары демографиялық дағдарыс кезеңі болса, 1950-1980 жылдары демографиялық жарылыс кезеңі болды деп айтуға болады. 1950-1960 жылдар онжылдықтың ішінде Қазақстан халқы саны табиғи өсім арқасында 18,2% жоғарылап, ал 1960 жылы 1000 адамға 30,6 жетіп Қазақстан тарихындағы ең жоғарғы көрсеткішті көрсетті. Осы құбылысты «демографиялық жарылыс» деп атаймыз. Демографиялық жарылыс халықтың көбеюдің бір түрінен екінші түріне ауысуының (дәстүрлі аграрлық көбею түрінен қазіргі индустриялыққа) құрамдас бөлігі болып табылады (Аубакирова Ж.С., Алексеев А.Н., Столярова Э.О., 2020). «Демографиялық тарих контексіндегі қазақтар» (Аубакирова Ж.С., Алексеев А.Н., 2020) монографиясында әрбір онжылдық кезеңдегі статистикалық мәліметтер алдыңғы, онжылдықтағы мәліметтермен салыстырыла отырылып талданған. Монографиядағы құнды ақпарат әр аймақтың өзіндік ерекшелігі сипатталып, басқа облыстармен салыстырылған және барлық статистикалық мәліметтер кесте түрінде көрсетілген. Атантаева Б.Ж., Камалджанова Т.А. «Влияние миграции на формирование этнических диаспор Восточного Казахстана в 1937–2005 гг» (Атантаева Б.Ж., Камалджанова Т.А., 2014) еңбегінде Шығыс Қазақстанда XX ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан этникалық диаспоралар, олардың олардың әлеуметтік-демографиялық, мәдени дамуы туралы баяндалады. «Особенности развития культурно-просветительной работы в городах Восточного Казахстана в начальный этап советской власти» (Адилбаева А.С. Болатова К.Б., Рамазанова Ф.С., Байпейсова Г.М., 2017) атты мақалада Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында Шығыс Қазақстан қалаларында мәдени-ағартушылық жұмыстың дамуының ерекшеліктері қарастырылады. Авторлар ағарту мекемелері желісінің қалыптасуын, кәсіптік-техникалық білім берудің дамуын және мемлекеттік аппараттың жергілікті халыққа бейімделуін (коренизация) талдайды. Сондай-ақ кітапханалардың, театрлардың және басқа да мәдени мекемелердің құрылуы мен олардың халықты саяси тәрбиелеу және ағарту ісіндегі рөліне ерекше көңіл бөлінген. Бұл мақала негізінен мәдени-ағартушылық қызметке арналғанымен, зерттеліп отырған процестер аймақта өмір сүрген түрлі этностық топтарға тікелей әсер еткен. Сондықтан бұл еңбек Шығыс Қазақстандағы этносоциалдық үдерістерді зерттеуде маңызды дереккөз бола алады. 1950-1980 жылдары осы 30 жылдық уақытта халық дамуының негізгі тенденциялары қалыптасты. Р.Д. Ахметова (Ахметова, 2014) Қазақстанның шығыс аймағындағы этностардың пайда болуының алғышарттары мен себептерін, олардың қоныстануын, кеңестік кезеңдегі және тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі әлеуметтік-демографиялық және мәдени даму ерекшеліктерін зерттейді.

Зерттеу нәтижелері

Қазақтардың XX ғасырдың екінші жартысындағы демографиялық дамуы КСРО-ның алғашқы онжылдықтарында орын алған құбылыстардан айтарлықтай ерекшеленеді. Жүздеген мың адамның өмірін қиған демографиялық апаттар артта қалды. Сонымен қатар демографиялық дағдарыстың аяқталуы туралы айту ертерек, ол сақталады, бірақ басқаша көрініс береді. Демографиялық мәселелердің негізгі ерекшелігі қазақтардың өзінің тарихи Отанында этникалық азшылыққа айналуы болып табылады (Аубакирова Ж.С., Алексеев А.Н., 2020). Бұл тенденция XX ғасырдың ортасында шарықтау шегіне жетсе, одан кейін жағдай қалыпқа келіп қазақ этносының саны ұлғаюына әкелді. Алайда, бір Шығыс өңірінің өзінде екі облыста, екі түрлі құбылыс жүрді. Шығыс Қазақстан облысында орыс ұлтының пайызы 1959 жылдан 1989 жылға дейін басымдылығын сақтап қалды. Ал Семей облысында 1959 жылы орыс ұлты басымдылықта болса, 1989 жылы пайыздық мөлшер өзгеріп, қазақтар

саны басымдылыққа ие болды. Осылайша, бір өңір болғанымен, әр облыста этникалық құрам әртүрлі болды. Әр ұлттың өз өмір салты, айналасытын еңбек түріне қарай, бұл өз кезегінде аумақтық әлеуметтік-экономикалық жағдайына да әсер етті.

Ал енді 1959 жылдан 1989 жыл аралығында Шығыс Қазақстан және Семей облыстарында халық саны аймақтарда орналасу ерекшеліктерін салыстыра қарастырайық.

Кесте 1. 1959, 1970, 1979, 1989 жылдардағы халық санақтары бойынша Семей облысы тұрғындар саны (Статистический 1991)

Аумақ	1959 ж.		1970 ж.		1979 ж.		1989 ж.		1989 жылдан 1959 (%)
	мың адам	%	мың адам	%	мың адам	%	мың адам	%	
Семей облысы	520229	100	713827	100	769411	100	838324	100	161,1
Семей қаласы	158555	30,5	243307	34,1	289958	37,7	335112	40,0	211,3
Аягөз қаласы	-	-	36940	5,2	39622	5,1	-	-	-
Абай ауданы	13563	2,6	21969	3,1	25632	3,3	27080	3,2	196,7
Ақсуат ауданы	15370	3,0	28205	4,0	32112	4,2	33100	3,9	215,3
Аягөз ауданы	57571	11,1	40067	5,6	41353	5,4	68117	8,1	118,3
Бесқарағай ауданы	32456	6,2	36733	5,1	33930	4,4	32959	3,9	101,6
Бородулиха ауданы	17573	3,4	52478	7,4	34160	4,4	38609	4,6	219,8
Жаңасемей ауданы	-	-	39351	5,5	35590	4,6	40716	4,9	-
Жарма ауданы	39166	7,5	73705	10,3	42764	5,6	42786	5,1	119,2
Көкпекті ауданы	28226	5,4	33361	4,7	32970	4,3	32808	3,9	116,2
Мақаншы ауданы	21462	4,1	38438	5,4	39225	5,1	43141	5,1	201,0
Ново-Покровка ауданы	38463	7,4	-	-	-	-	-	-	-
Ново-Шүлбі ауданы	19610	3,8	-	-	18689	2,4	16977	2,0	86,6
Таскескен ауданы	-	-	-	-	-	-	32065	3,8	-
Ұржар ауданы	42836	8,2	54651	-	54428	7,1	45564	5,4	106,3
Шар ауданы	30387	5,8	-	-	32504	4,2	31812	3,8	104,7
Шұбартау ауданы	4991	1,0	14622	2,0	16474	2,1	17478	2,1	350,1

Кестеден байқайтынымыз, Семей облысында 1989 жылы 1959 жылға қарағанда жалпы халық саны 61,1% өскен. Облыс аумағында аудандардың әкімшілік-территориялық жағынан бірде бөлініп, бірде қосылу салдарынан кейбір ауданда 1989 жылы 1959 жылға қарағанда өсу немесе кему пайызы анықталмады. Нақты атап өтетін болсақ олар: Аягөз ауылдық кеңесі, Жаңасемей ауданы, Ново-Покровка ауданы және Таскескен ауданы. Табиғи өсім үлес салмағы деңгейіне қарай өсім деңгейі көп аудандарда байқалды, алайда ең жоғарғы өсім 5 аумақта байқалған. Олар Семей қаласында халық саны 111,3%, Ақсуат ауданы халқы 115,3% және Бородулиха ауданы халқы 119,8%, Мақаншы ауданы 101,0% және Шұбартау ауданы халқы

250,1% ұлғайған. Бұл мәліметтерден байқайтанымыз, аталған аудандардың көпшілігі қазақи (қазақ этносы басым) аумақтар болып табылады. Яғни, бұл жерлердегі өсім табиғи өсім әсерінен көбейгенін байқатады. XX ғасырдың 50-60-жылдар аралығы қазақтардың көп балалы болу дәстүрін қалыптастырудың негізіне айналды. Бала туудың жоғары деңгейін емес, бұрын өлім-жітіммен бейтараптандырылған көп балалы болу дәстүрін қалыптастыру. Бірақ көп балалы болу жағдайы тұрмыстық деңгейде бала туу призмасы арқылы қабылданады. Бала туудың жоғары көрсеткіші көп балалы болу дәстүрін қалыптастырудағы жетекші компонент ретінде көрінеді. Ал қазақтардың негізгі бөлігі бұрынғыдай ауылдық жерлерде тұрып жатқандықтан, көп балалы болу нақты қазақтарға тән, олардың ұлттық ерекшелігі сияқты болып көрінеді. Қазақстандағы демографиялық жарылыс көрсеткіштеріне этностардың үлесін анықтау халықтың көбеюінің этникалық сипаттамаларын тіркейтін жеткілікті статистикалық мәліметтердің болмауы салдарынан қиын (Аубакирова Ж.С., Алексеенко А.Н., 2020). Ал халық санының қысқару деңгейі тек бір ауданда ғана байқалды, ол Ново-Шүлбі ауданы халқы 13,4% қысқарған. Халық санының қысқару себептерін территориялық өзгерістерге байланысты түсіндіруге болады.

Кесте 2. 1959, 1970, 1979, 1989 жылдардағы халық санақтары бойынша Шығыс Қазақстан облысы тұрғындар саны (Статистический, 1991)

Аумақ	1959 ж.		1970 ж.		1979ж.		1989 ж.		1989 жылдан 1959 (%)
	мың адам	%	мың адам	%	мың адам	%	мың адам	%	
Шығыс Қазақстан облысы	734 924	100	845 251	100	876 628	100	933 445	100	127
Өскемен қ.	150 371	20,5	230 340	27,3	274 287	31,3	325 020	34,8	216,0
Зырян қ.	91 636	12,5	88 056	10,4	51 132	5,8	52 838	5,7	57,7
Лениногорск қ.	83 862	11,4	82 342	9,7	78 077	8,9	78 749	8,4	94
Серебрянск қ.	16 536	2,3	30 397	3,6	29 747	3,4	30 788	3,3	186,1
Большенарым ауд.	27 005	3,7	28 417	3,4	25 494	2,9	24 267	2,6	90,9
Глубокое ауд.	35 690	4,9	77 294	9,1	74 406	8,5	77 305	8,3	216,4
Зайсан ауд.	27 081	3,7	33 615	4,0	36 364	4,1	37 127	4,0	137,0
Зырян ауд.	57 336	7,8	17 197	2,0	29 665	3,4	28 059	3,0	49,0
Катон-Қарағай ауд. (ауылдық аймақ)	25 395	3,5	28 417	3,4	27 133	3,1	24 849	2,7	98,9
Күршім ауд. (ауылдық аймақ)	29 901	4,1	35 507	4,2	35 277	4,0	31 422	3,4	105,0
Марқакөл ауд. (ауылдық аймақ)	17 532	2,4	21 720	2,6	22 222	2,5	22 458	2,4	128,0
Самар ауд.	26 717	3,6	29 037	3,4	26 571	3,0	24 713	2,6	93,5
Таврия ауд. (ауылдық аймақ)	19 520	2,7	26 612	3,1	27 968	3,2	29 121	3,1	149,1
Тарбағатай ауд.	20 953	2,9	34 267	4,1	39 351	4,5	41 279	4,4	197,0
Ұлан ауд.	24 999	3,4	35 078	4,2	35 151	4,0	37 889	4,1	151,5
Шемонаиха ауд.	51 414	7,0	64 152	7,6	63 783	7,3	67 561	7,2	131,4


Ал Шығыс Қазақстан облысында 1989 жылы 1959 жылға қарағанда жалпы халық саны 21,2% өскен. Табиғи өсім үлес салмағы айтарлықтай әсер етті. Облыстағы аумақтарда қоныстану деңгейіне қарай ең жоғарғы өсім 2 аумақта байқалған. Олар Өскемен қаласында

халық саны 57,6%, ал Глубокое ауданы халқы 53,9% және Ұлан ауданы халқы 51,5%, Таврия 49,1% ұлғайған. Дәл осы аудандарда халық санының ұлғаюы қалаға жақын орналасқындығымен түсіндіріледі. Халық санының осы аймақтарда ұлғаю себебі өндіріс ошақтарының болуы, жұмыс орындарының көптігімен, қаладағы тұрмыстың әлдеқайда қолайлылығымен айқындалды. Ал Зырян қаласы халқы 42,3%, Зырян ауданы халқы 51,1% қысқарған (кесте 2). Халық санының қысқару себептерін территориялық өзгерістерге байланысты түсіндіруге болады. Әлеуметтік-экономикалық жағдайлары жағынан да, этникалық құрамы жағынан да аймақтардағы қоныстану өзгерістерінің басты тенденциясы – халықтың ірі қалалар төңірегінде және көлік желілерінің бойында шоғырлануы еді. Шет аймақтар бірте-бірте қаңырап бос қалды. Сондай-ақ Тарбағай, Зайсан сияқты аудандарда халық санының негізгі бөлігін қазақ ұлты құрағандықтан, бұл аймақтағы халық саны қазақтар есебінен өсті. Бұл өсімнің себебі, колхоз-совхоз жүйесі, халыққа әл-ауқатының тұрақты болуы есебінен табиғи өсім ұлғайды. 1950-1960 жылдары СССР-де колхоздардың жаппай совхозға айналу процесі басталды. Бұл өз кезегінде ауыл тұрғындарын мемлекеттің әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесіне енгізді. Мемлекет тарапынан «кепілді еңбек төлемақысы, пенсия және басқа да әлеуметтік жеңілдіктер» қамтамасыз етілгендіктен, бұл мемлекеттік секторға колхозниктар өздері белсенді түсе бастады. Тегін білім алу мен медициналық қызметтер, мемлекеттің әлеуметтік кепілдіктері балалардың асырауға байланысты шығындарды анағұрлым азайтты. Ауылды жерлерде балалар шаруашылық жүргізуде таптырмас көмекші болғандықтан, туу деңгейінің өсімі экономикалық мақсатқа сай ықпал етті (Алексеев А.Н., Аубакирова Ж.С., 2017). Шығыс Қазақстан облысындағы халық санының өсу қарқыны ең төмен көрсеткіштердің бірі болды. Бұл өсім біркелкі болған жоқ: облыс орталығында қала тұрғындары ауылдық жерлерге қарағанда 18 есе жылдам өсті. 1990 жылдардың басына дейін Өскемен халқының негізгі өсуі орыс тілді халықтың есебінен болды (64,5%). Шемонаиха ауданында славян халқының өсуі байқалды (62,2% - ға). Қалған аудандар мен қалаларда негізгі өсімді қазақ халқы қамтамасыз етті (Ахметова 2014).

Жалпы алғанда екі облыста да, халық санының өсу себептерінің бірі өңірдегі әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықтың қалыптасуы болды. Шығыс Қазақстан облысына 21,2% (кесте 2) қарағанда Семей облысында 61,1% (кесте 1) халық саны анағұрлым жоғары пайызда өскенін байқаймыз. Сондай-ақ екі облыстың тағы бір айырмашылығы Семей облысында жалпы халық саны ауылдық аумақтарда көбейсе, Шығыс Қазақстан облысында қалаға жақын маңдағы аудандарда ұлғайған. Яғни бұл көрсеткіш, Семей облысында ауыл тұрғындары көптігін, бұл дегеніміз халықтың дәстүрлі шаруашылықпен, ауыл тіршілігімен айналысатындығын байқатады. Ал Шығыс Қазақстан өндіріс ошақтары қалыптасып, халық қалалық тіршілікке ұмтылып, бос жұмыс орындарын толтыра бастады. Бұл болжамымызға 2 сурет дәлел бола алады.


Өсу тенденциясы, отбасы динамикасы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатының өзгерісіне әсер етті. Халық санының өзгерісі негізінде оның құрылымын (қала және ауыл халқы) қарастырайық.

Халықтың қалаға көшу тенденциясы XX ғасырдың екінші жартысынан бастап күшейе түсті. Бұл процестің қарқынмен жүруінің бірнеше себептері болды. Қалалардағы өнеркәсіп саласының алға қойылуы үлкен себептердің бірі болды. Алайда, бұл құбылыстың қозғалысы бірқалыпты болмады, әртүрлі даму кезеңдерімен сипатталды.



Сурет 1. Семей облысы қала және ауыл халқының үлес салмағы(1959, 1970, 1979, 1989 ж. халық санақтары нәтижесі бойынша) (Статистический, 1991)

Семей облысы бойынша диаграммадан байқайтынымыз, қала және ауыл халқы тұрғындарының саны 1959 жылдан 1980 жылдардың ортасына дейін ауыл халқы 10% басымдылықта болып, жылдар сайын бұл пайыз төмендеп, 1980 жылдардың ортасына қарай екі жақта да халықтар саны теңесіп, әрмен қарай қала халқы басымдылыққа ие болып келе жатқанын байқаймыз. Бұған дәлел, 1959 жылы қала халқы 43,9%-дан , 1989 жылы 51,2%-ға өсті. Ал ауыл халқы керісінше 1959 жылы 56,1%-дан , 1989 жылы 48,7%-ға кеміді (сурет 1).



Сурет 2. Шығыс Қазақстан облысы қала және ауыл халқының үлес салмағы(1959, 1970, 1979, 1989 ж. халық санақтары нәтижесі бойынша) (Статистический, 1991)

Шығыс Қазақстан облысы диаграммасынан байқайтынымыз, қалаға көшу процесі тез қарқынмен өсе бастады. Өңірде қала халқының саны 1989 жылы 1959 жылмен салыстырғанда қала халқы 17,3% өсті. Ал ауыл халқы керісінше 17,3% кеміді (сурет 1). Осылайша, жылдан жылға қала халқының саны арта түсті.

Ал екі облысты салыстыратын болсақ, жоғарыдағы диаграммалар (сурет 1, сурет 2) мүлдем екі бөлек тенденцияны көрсетеді. Шығыс Қазақстан облысында 1959 жылдан бастап, қала халқы басымдылықта болып, жылдан жылға ауыл халқы кеміп, халықтың қалаға көшуі арта түсіп, 1989 жылы қала халқының саны 65,0%-ға дейін жетеді. Бұл құбылыстың жоғарыда айтқандай, әлеуметтік-экономикалық тұрғыда халыққа қалада тұру тиімді екенін көрсетеді. Ал Семей облысында керісінше 1959 жылдан 1980 жылдың ортасына дейін ауыл халқы басымдылықта болып, тек 1980 жылдың ортасында ауыл және қала халқы теңесіп, 1989 жылғы көрсеткіш бойынша қала халқы тек 2,5% басымдылықпен алға шығады. Яғни бұл колхоз-совхоз жүйесінің дамып, ауыл халқына әлеуметтік көмек көрсетіліп, халықтың ауылдағы тұрақтылықты сақтап қалғандығын айқындайды.

1959-1970 жылдардағы урбанизацияның қарқынды дамуы ауыл тұрғындарының қалаға көшуі әсерінен болды. Бұл қала мен ауылдық жердегі тұрмыстың сапасымен түсіндіріледі.

Сондай-ақ 1960 жылдары 70-тей үлкен ауылдар қала және қала типтес аудандарға ауыстырылғанымен олардың көпшілігі бұрынғысынша ауылдық аумақ болып қала берді. 1970 жылдардағы урбанизацияланған қазақ халқының Шығыс Қазақстандағы үлесі 13,9% құрады, ал 1970-1979 жж. 16,4% және 1989 жылы 4,4% ұлғайып 20,8% құрады (Козина В.В., 2007).


Республикааралық көші-қон есебінен ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің кадрлық әлеуетінің өсуінің салдары 1950 жылдардың соңында республикада еуропалық компонент халқының құрамында үлес салмағы жоғары «орыс тілді белдеу» қалыптасқандығы болды (Аубакирова Ж.С., Алексеенко А.Н., 2020). Бұл Шығыс Қазақстан облысынла айқын көрінді. Өңірдегі қазақтардың үлес салмағы небәрі 18,9% құрады (2 сурет).

XX ғасырдың соңында белең алған экономикалық дағдарыс, сондай-ақ егемендіктің жариялануы «ауыл – қала» көші-қон ағынының эволюциялық процестеріне өзгерістер енгізді. Қазақстан ауылдарында ұзақ уақыт бойы жинақталған әлеует көшіп, қалаларға қарай ағылды (Сарсембаева Г.А., 2020).

Ал енді Қазақстанның шығыс өңірі тұрғындарының 1959-1989 ж. аралығындағы этникалық құрамын қарастырайық. Бұл жерде де біз екі облыста этникалық құбылыс әртүрлі бағытта дамығанын байқаймыз (сурет 3, сурет 4).

Қазақстан шығыс өңірінің ұлттық құрамының аймақтық ерекшелігі аумақ құрамының басым бөлігін қазақ және орыс ұлттары 1959 жылы Семей облысында 80,9%, Шығыс Қазақстан облысында 89,8%, ал 1989 жылы Семей облысында 87,9%, Шығыс Қазақстан облысында 93,2% құрады. Сол себепті ұлттық құрам үлес салмағында осы 2 ұлт басымдылыққа алынды. Қазақстан шығыс өңірі тұрғындарының этникалық құрамы – халықтың биэтникалық құрамына жатады.


Ал енді Семей өңірі тұрғындарының 1959-1989 ж. аралығындағы этникалық құрамын қарастырайық. Семей облысы ұлттық құрамының аймақтық ерекшелігі аумақ құрамының басым бөлігін қазақ және орыс ұлттары құрады (1959 ж- 81%). Сол себепті төмендегі 2 суретте ұлттық құрам үлес салмағында осы 2 ұлт басымдылыққа алынды (1989 ж- 88%). Семей тұрғындарының этникалық құрамы – халықтың биэтникалық құрамына жатады.



Сурет 3. 1959, 1989 жылдардағы Семей облысындағы халықтың ұлттық құрамы (%) (4)

Семей облысы диаграммдан байқап отырғанымыздай, халықтың 80% астамын тек 2 ұлт құраған. 1959 жылы 9,5% басымдылықпен орыс ұлтының үлес салмағы көп болса, 1989 жылы бұл құбылыс керісінше өзгеріп 15,9% басымдылықпен қазақ ұлтының саны артқан. Қазақ ұлтының пайыздық мөлшері 1989 жылы 1959 жылмен салыстырғанда 132,8% өсуі табиғи өсімнің арқасында дамыған. 1960 жылдардағы «Демографиялық жарылыс» қазақ ұлтының үлес салмағына әсер етті. Орыс ұлтының өсімі 27,8% өскен (сурет 3). Ал, өзге ұлттар

саны 1959 жылы қандай деңгейде болса 1989 жылы да сол деңгейде қалған. Шығыс Қазақстан облысында ұлттардың құрамы мүлдем басқа векторда дамыды.



Сурет 4. 1959, 1989 жылдардағы
Шығыс Қазақстан облысы халқының ұлттық құрамы (%) (4)

Шығыс Қазақстан облысы диаграммасынан байқаймыз, бұл облыста да халықтың 90% астамын тек 2 ұлт құраған. Сол себепті де, жалпы Қазақстанның шығыс өңірі халқын биэтникалық құрамға жатқызамыз. Әсіресе, орыс ұлты басым ұлт болған, бұл басқа облыстармен салыстырғанда Шығыс Қазақстан облысының ерекшелігі болып табылады. Бұл құбылыстың қалыптасу себебі, әсіресе осы Шығыс аумаққа жер аудару, қоныс аудару, арнайын қоныстанулардың әсерінен туындаған. Сондай-ақ қазақ ұлтының да пайыздық мөлшері 1989 жылы 1959 жылмен салыстырғанда 82,2% өскен. Осы кезеңдерде қазақ ұлтының өсуі тек бір себеппен, яғни табиғи өсімнің арқасында ғана дамыған. Орыс ұлтының өсімі 17,8% өскен (сурет 4). Ал, өзге ұлттар саны керісінше 14,7% қысқарған. Бұл аумаққа қоныстынушылардың өз мемлекеттеріне қайтып оралуымен, басқа елді-мекендерге көшіп кетуімен түсіндіруге болады. Қазақ ұлты көп шоғырланған аудандарға: Зайсан, Катон-Қарағай, Күршім, Марқакөл және Тарбағай аумақтарын жатқызамыз. Бұған дәлел 1959 жылы осы өңірлерде қазақтар саны 50% жоғары көрсеткішті көрсетсе, 1989 жылы бұл аймақтағы қазақтардың үлес салмағы 80% асып, Тарбағай ауданында 96,4% құрады. Ал орыс ұлты Өскемен, Зырян, Лениногорск, Шемонаиха аудандарында 1959 және 1989 санақ нәтижелерінде аумақтағы халықтың 80% астамын құрады. Сондай-ақ басқа аудандарда қазақ және орыс ұлттары 60%-40%, 70%-30% көрсеткішті көрсетіп тепе-теңдікте болды (Алексеев А. Н., 1994).


1960 жылдары басталған өңір тұрғындарының қалыптасу тенденциясы, орыс және басқа да ұлттардың көші-қон келімі тоқтағанымен табиғи өсім есебінен халықтың қалыптасуы қарқынды жүрді (Аубакирова Ж.С., Алексеев А.Н., Столярова Э.О., 2020).

XX ғасырдың 50-80 жылдары Қазақстан халқының қалыптасу ролін табиғи өсім көрсеткіші құрады. Табиғи өсім арқасында халық саныда жыл сайын ұлғайып отырды. 1968 жылға дейін табиғи өсім жоғарғы көрсеткіші көші-қон келімімен толықты. Ал XX ғасырдың екінші жартысы 60 жылдардан бастап көші-қон сальдосы тоқтап, Қазақстанның шығыс өңірі халқы тек табиғи өсім негізінде толығып отырды (Зимовина Е.П., 2003).

Демографиялық процестерде халықтың жас-жыныстық құрамы үлкен рөл атқарады, себебі ол халық санының өсу немесе кему потенциалын қамтиды.

1959-1989 жылдардағы бүкілхалықтық санақ нәтижесінен жалпы халық санын, ұлттық құрамы және орналасу ерекшеліктері мен этникалық топтардың жас-жыныстық құрамын анықтап зерттеуге болады. Соның ішінде Семей облысы туралы деректерді 5-ші суреттен


байқауға болады.



Сурет 5. Семей облысын жас-жыныстық категория бойынша бөлу (%) (1959 және 1989 ж. халық санақтары нәтижесі бойынша) (Статистический, 1991)

5-суреттен көретініміз, 1959 жылы 0-4 жас аралығында екі жыныста да туғандар пайызы орта есеппен 38,85% құраса, 1989 жылы бұл көрсеткіш 47,95% болып, 10% ұлғайған. 1959 жылы туған балалар 0-4 болғандар 1989 жылы 30-34 жаста болып, бұл көрсеткіштің нәтижесі 1989 жылы орта жасағы адамдар санының артуына алып келді. Ал, бұл өз кезегінде сапалы демографиялық даму процесін қалыптастырды. Семей облысында 1959 жылы қазақ ұлтының саны, орыс ұлтының санынан аздаған мөлшерде аз болса, 1989 жылы облыстағы басым ұлт өкіліне айналды (сурет 3), яғни бұл көрсеткіш қазақ ұлты әсерінен, Ж.Боже-Гарнье және Э.Росеттің демографиялық қартаюды бағалау шкаласына сәйкес облыстың демографиялық жастықта екенін көрсетеді (Аубакирова Ж.С., Алексеенко А.Н., 2020).

Ал Шығыс Қазақстан облысы жас-жыныстық құрамы туралы деректерді 6-шы суреттен байқауға болады.



Сурет 6. Шығыс Қазақстан облысын жас-жыныстық категория бойынша бөлу (%) (1959 және 1989 ж. халық санақтары нәтижесі бойынша) (Статистический, 1991)

Шығыс Қазақстан облысы бойынша көрсетілген 6-суреттен көретініміз, 1959 жылы 1989 жылмен салыстырғанда, туу көрсеткіші 54,7%-дан 45,7%-ға төмендегенін байқаймыз. Туу көрсеткішінің төмендеуі ауыл халқының қалаға көшуі, отбасылық құндылықтардың өзгеруімен, отбасын, баланы жоспарлау, қоғамдағы әйел адамның ролінің артуымен түсіндіріледі. 1959 жылы жастық құрамдағы туу көрсеткішіне басым әсер еткен қазақ ұлты болса, орта жастағы адамдардың саны орта жастағы Шығыс Қазақстан аумағына түрлі себептермен қоныстанған славян ұлттары әсерінен, әсіресе орыс ұлты санымен толықты. Сондай-ақ 1959 жылы 60 жастан асқандар саны төмен деңгейде болса, 1989 жылы бұл көрсеткіш бірнеше есеге ұлғайған. Бұдан біз өмір сүру сапасының да артқанын байқаймыз.

Ал екі облысты салыстыратын болсақ, Семей облысында 30 жыл ішінде туу деңгейі өссе, Шығыс Қазақстан облысында керісінше бұл көрсеткіш төмендеген. Бұны, жоғары да атап өткен этникалық топтардың қоныстану территорияларына байланысты түсіндіруге болады. Яғни «демографиялық жарылыс» жасаған қазақ этносы Семей облысында анағұрлым көп деңгейде қоныстанып, сол облыстың туу деңгейін арттырған. Орта жастағы адамдар тобының да орта есеппе болуы облыста тең дәрежеде қоныстанған, орыс және өзге де ұлттар санының арқасында еді. Шығыс Қазақстан облысында орта жастағылар санының жас топтағалар санымен бірдей деңгейде екенін байқай аламыз, яғни орта жастағылар санын көбінесе сырттан жұмыс атқаруға келген қоныстанушылар, арнайы қоныстанушылар, жер аударылғандар, яғни механикалық жолмен толыққан адамдар тобы құрады.

Басқа этникалық топ өкілдерінде, бірінші кезекте орыстарда мәселенің мәнін көші-қон анықтады. Көші-қон толқындарының нәтижесінде алынған демографиялық әлеует қысқа мерзімді, өйткені ол жағдаяттық факторларға, негізінен әлеуметтік-экономикалық қасиеттерге байланысты болды. Қазақстанның шығыс өңірі негізгі этностарының – қазақтар мен орыстардың демографиялық даму векторлары әртүрлі болып келеді (Атантаева Б.Ж., Камалджанова Т.А., 2014). Қазақтардың демографиялық процестері қарама-қайшы құбылыстармен айқындалды. Бір жағынан 1950-1960 жылдары туылған «демографиялық жарылыс балалары» балиғаттық жасқа толды. Сондықтан 1980 жылдары туылғандар саны әсіресе онжылдықтың екінші жартысында айтарлықтай өсті. Сонымен бірге ұрпақ өкілдерінің белсенді урбанизациясы оның демографиялық әлеуетін төмендетті (Аубакирова Ж.С.,

Алексеев А.Н., 2020).

Қазақстанда қоныстандыру мен экономикалық қызметтің қатаң этникалық саралануы болды. Демографиялық тұрғыдан алғанда мұндай жағдай әртүрлі салдарға алып келеді. Қала тұрғындары біртіндеп дәстүрлі репродуктивті қатынастарын, ең алдымен әлеуметтік-экономикалық қасиеттерін жоғалтады. Аз балалы және орташа балалы отбасылар кең тарала бастады. Қалалық-әлеуметтік преференцияларға ие болу (білімнің өсуі, әйелдің қоғамдағы жағдайының өсуі және т.б.) халықтың демографиялық әлеуетін бейтараптандырады.

Шығыс Қазақстан облысы халқының, ең алдымен, қала халқының көп бөлігін славян тектес ұлттар құрады. Бір жағынан, өнеркәсіптік кадрлардың ағыны әлеуметтік-экономикалық жеделдеуге ықпал етті. Екінші жағынан, Қазақстан халқының этникалық құрамы түбегейлі өзгерді, 1950 жылдардың ортасында халық құрамындағы қазақ халқының үлес салмағы халықтың үштен бірінен аз болды. Қазақ этносының әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері шет тілді ортада жойылып кетті. Қазақстанның демографиялық жүйесі сыртқы, еуропаландырылған негізде құрылды. Осылайша XX ғасырда белгіленген демографиялық, экономикалық, әлеуметтік-мәдени мәселелердің бүкіл кешенін егеменді мемлекет – Қазақстан Республикасында шешу қажет болды ((Адилбаева А.С. Болатова К.Б., Рамазанова Ф.С., Байпейсова Г.М., 2017). Шығыс өңірінің екі облысында қалыптасқан демографиялық ахуал, Қазақстанның оңтүстігі мен солтүстігі іспеттес, осы облыстардағы қалыптасқан этникалық құрамды, демографиялық оқиғаларды бейнелей алды.

Қорытынды

XX ғасырдың ортасынан бастап жалпы Қазақстан аумағында соның ішінде Қазақстанның шығыс өңірінде көптеген демографиялық өзгерістер болды. Бір өңірде орналасқанымен, алайда екі облыста екі түрлі тенденция қалыптасты. Шығыс Қазақстан және Семей облысын мысалға алу арқылы халық санының динамикасы, аймақ территориясында орналасу ерекшелігін анықталып, халықтық тығыз немесе аз қоныстанған аймақтары көрсетіліп, оның себептері түсіндірілді. Аймақтағы ұлттық құрам үлес салмағы бойынша басым ұлт өкілдері қазақтар мен орыстар үлес салмағы салыстырылып, демографиялық үрдістер ашылды. Демографиялық құрылымның негізі жастық құрамдағы толқындар деңгейі диаграмма арқылы көрсетілді. Жоғарыда қойылған Қазақстан шығыс өңірі тұрғындары қалай қалыптасты деген сұраққа жауап берілді. 1950-1980 жылдар өңірдің демографиялық даму үдерісінде маңызды кезең болды, себебі осы кезеңде егеменді Қазақстанның демографиялық дамуына үлкен үлес қосқан тенденциялар қалыптасты.

Әдебиеттер тізімі

Адилбаева А.С., Болатова К.Б., Рамазанова Ф.С., Байпейсова Г.М. Особенности развития культурно-просветительной работы в городах Восточного Казахстана в начальный этап советской власти // Наука, образование и культура - №5 (20), 2017

Алексеев А. Н. Народы Восточного Казахстана / А.Н. Алексеев. – Усть-Каменогорск: Б.и., 1994. – 52 с.

Алексеев А.Н., Аубакирова Ж.С., Население Казахстана в 50-80-е годы XX века: демографический взрыв и особенности этносоциальных эволюции // Вестн. НГУ. Серия: История, филология. 2017. Т. 16, №8: История. С. 127-142.

Алексеев Н. В. История Восточного Казахстана в документах и материалах / Н.В. Алексеев.— Усть-Каменогорск: Медиа-Альянс. - Ч. 2: С 1917 г. по начало XXI века. – 2007. – 108 с.

Атантаева Б. Ж., Камалджанова Т. А. Влияние миграции на формирование этнических диаспор Восточного Казахстана в 1937-2005 гг. (социально-демографический и культурный аспект); М-во обр. и науки РК ; Гос. ун-т им. Шакарима г. Семей... – Семей: [б. и.], 2014. - 255 с.

Аубакирова Ж.С., Алексеев А.Н. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде

«Демографиялық тарих контексіндегі қазақтар» / Ж.С. Аубакирова., А.Н. Алексеенко. – Нұр-Сұлтан: «Шаңырақ-Медиа» ЖШС, 2020. – 200 б.

Аубакирова Ж.С., Алексеенко А.Н., Столярова Э.О. Demographic processes in Kazakhstan in the 20-80s of 20th century // «Хабаршы-Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая / Серия «Исторические и социально-политические науки». – 2020. – №3(66). – С. 346-351.

Ахметова Р.Д. Этнокультурные процессы в Восточном Казахстане в 80-х годах XX – начале XXI века. - Семей: Тенгри, 2014. - 172 с.

Зимовина Е.П. Динамика численности и состава населения Казахстана во второй половине XX века [Электрон.ресурс]. – Демоскоп. – № 103 – 104. – 3-16 марта 2003.

Козина В.В. Демографическая история Казахстана / В.В. Козина. – Караганда: Изд-во КарГУ. – 2007. – 145 с.

Сарсембаева Г.А. Урбанизация, как основной миграционный тренд современного Казахстана // «Хабаршы-Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая / Серия «Исторические и социально-политические науки». – 2020. – №1(64). – С. 63-67.

Статистический сборник по отдельным показателям Всесоюзных переписей населения 1959, 1970, 1979 и 1989 гг. Алма-Ата: Республ. информ.-изд. центр, 1991. – 198 с.

URL: <http://www.demoscope.ru/weekly/2003/0103/analit03.php>

Надира А. Махметова ¹, Жанна С. Аубакирова ²

¹ *Восточно-Казахстанский университет имени С.Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан*

² *Восточно-Казахстанский технический университет имени Д. Серикбаева, Усть-Каменогорск, Казахстан*

ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ ДЕМОГРАФИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА ВО II-ОЙ ПОЛОВИНЕ XX ВЕКА

Аннотация. В статье рассматривается и анализируется структура демографической системы Семипалатинской и Восточно-Казахстанской областей. В исследовании использовались данные текущей статистики и результаты переписей населения 1959 г., 1989 г. Осуществлен сравнительный анализ динамики численности населения, особенностей расселения (городское и сельское население), этнического и половозрастного состава восточных регионов. Особенностью этнической структуры населения двух регионов является доминирование казахского и русского этносов, однако в разной пропорциональной взаимосвязи. «Демографический взрыв» казахов 1950-1960 годов привел к увеличению естественного прироста представителей данного этноса в регионе и стал фактически триггером для изменений, произошедших в 50-е и 80-е годы XX века. Снижение численности русского этноса произошло в результате естественной убыли и механического сокращения. Этот период стал важным этапом для современной демографической ситуации Восточно-Казахстанской области. Актуальность статьи обусловлена необходимостью изучения демографических процессов, происходивших в 1950-1980-е годы как важным историческом периоде для формирования уже суверенной демографической системы, когда сформировались предпосылки современных демографических тенденций именно в это тридцатилетие. Количество детей, рожденных в 1950-1980 годов, сыграло важную роль в формировании нового качества человеческого капитала, современной этнической структуре населения, сыграло важную роль демографическом развитии восточного региона Казахстана.

Ключевые слова: Восточный Казахстан; демографическая система; городское население; сельское население; национальный состав; перепись.

Nadira A. Makhmetova ¹, Zhanna S. Aubakirova ²

¹ *Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan*

² *D.Serikbayev East Kazakhstan State technical University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan*

THE MAIN TRENDS IN THE DEMOGRAPHIC DEVELOPMENT OF EAST KAZAKHSTAN IN THE SECOND HALF OF THE TWENTIETH CENTURY

Abstract. The article considers and analyzes the structure of the demographic system of the Semipalatinsk and East Kazakhstan regions. The study used statistical current statistics and the results of the 1959 and 1989 population censuses. A comparative analysis was carried out between the two regions: population dynamics, settlement patterns (urban and rural population), ethnic and age and sex composition. A feature of the ethnic structure of the population of the two regions is the dominance of the Kazakh and Russian ethnic groups, however, in a different proportional relationship. The "population explosion" of the Kazakhs in the 1950s-1960s led to an increase in the natural increase of representatives of this ethnic group in the region and actually became a trigger for the changes that occurred in the 50s and 80s of the twentieth century. The decrease in the number of the Russian ethnos occurred as a result of natural loss and mechanical reduction. This period has become an important stage for the modern demographic situation of the East Kazakhstan region. The relevance of the article is due to the need to study the demographic processes that took place in the 1950s-1980s as an important historical period for the formation of an already sovereign demographic system, when the prerequisites for modern demographic trends were formed precisely in this thirty years. The number of children born in 1950-1980 played an important role in the formation of a new quality of human capital, the modern ethnic structure of the population, played an important role in the demographic development of the eastern region of Kazakhstan.

Keywords: East Kazakhstan; demographic system; urban population; rural population; national composition; census.

References

- Adilbaeva A.S., Bolatova K.B., Ramazanova F.S., Baypeisova G.M. Features of the development of cultural and educational work in the cities of East Kazakhstan in the initial stage of Soviet power // *Science, Education and Culture* - No. 5 (20), 2017
- Akhmetova R.D. Ethnocultural processes in East Kazakhstan in the 80s of the XX–beginning of the XXI century. -Semey: Tengri, 2014. -172 p.
- Alekseenko A. N. *Narody Vostochnogo Kazaxstana [Peoples of East Kazakhstan]* / A.N. Alekseenko. – Ust'-Kamenogorsk: B.i., 1994. – 52 s.
- Alekseenko A.N., Aubakirova Zh.S., Naselenie Kazaxstana v 50-80-e gody` XX veka: demograficheskij vzry`v i osobennosti e`tnosocial'ny`x e`volyucii // *Vestn. NGU. Seriya: Istoriya, filologiya*. 2017. T. 16, №8: Istoriya. S. 127-142. [in Russian]
- Alekseenko N. V. *Istoriya Vostochnogo Kazaxstana v dokumentax i materialax [History of East Kazakhstan in documents and materials]* / N.V. Alekseenko.– Ust'-Kamenogorsk: Media-Al'yans. - Ch. 2: S 1917 g. po nachalo XXI veka. – 2007. – 108 s. [in Russian]
- Atantayeva B. Zh., Kamaljanova T. A. The impact of migration on the formation of ethnic diasporas in East Kazakhstan in 1937-2005 (socio-demographic and cultural aspects); Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan; State University named after Shakarima G. Semey... – Semey : [B. I.], 2014. 255 p.
- Aubakirova Zh.S., Alekseenko A.N. «Ruxani zhangy`ru» bagdarlamasy` shenberinde «Demografiyalı`k tarix konteksindegi kazaktar» [In the framework of the program "Spiritual Revival" "Kazakhs in the context of demographic history"] / Zh.S. Aubakirova., A.N. Alekseenko. – Nur-Sultan: «Shany`rak-Media» ZhShS, 2020. – 200 b.

Aubakirova Zh.S., Alekseenko A.N., Stolyarova E'.O. Demographic processes in Kazakhstan in the 20-80s of 20th century [Demographic processes in Kazakhstan in the 20-80s of 20th century] // «Xabarshy`-Vestnik Kazaxskogo nacional'nogo pedagogicheskogo universiteta imeni Abaya / Seriya «Istoricheskie i social'no-politicheskie nauki». – 2020. – №3(66). – S. 346-351. [in English]

Kozina V.V. Demograficheskaya istoriya Kazaxstana [Demographic history of Kazakhstan] / V.V. Kozina. – Karaganda: Izd-vo KarGU. – 2007. – 145 s.

Sarsembaeva G.A. Urbanizaciya, kak osnovnoj migracionny`j trend sovremennogo Kazaxstana [Urbanization as the main migration trend of modern Kazakhstan] // «Xabarshy`-Vestnik Kazaxskogo nacional'nogo pedagogicheskogo universiteta imeni Abaya / Seriya «Istoricheskie i social'no-politicheskie nauki». – 2020. – №1(64). – S. 63-67.

Statisticheskij sbornik po otdel'ny`m pokazatelyam Vsesoyuzny`x perepisej naseleniya 1959, 1970, 1979 i 1989 gg. [Statistical collection on selected indicators of the All-Union population censuses of 1959, 1970, 1979 and 1989.] Alma-Ata: Respubl. inform.-izd. centr, 1991. – 198 s. [in Russian]

Zimovina E.P. Dinamika chislennosti i sostava naseleniya Kazaxstana vo vtoroj polovine XX veka [Dynamics of the number and composition of the population of Kazakhstan in the second half of the twentieth century] [E`lektron.resurs]. – Demoskop. – № 103 – 104. – 3-16 marta 2003. URL:<http://www.demoscope.ru/weekly/2003/0103/analit03.php>

Авторлар туралы мәліметтер

Махметова Надира Аманжолқызы – докторант, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан.

Аубакирова Жанна Сакеновна – тарих ғылымдарының кандидаты, Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің қауымдастырылған профессоры, Өскемен, Қазақстан.

Information about the authors

Makhmetova Nadira Amanzholyzy – doctoral student, East Kazakhstan University named after S. Amanzholov, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan.

Aubakirova Zhanna Sakenovna – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the East Kazakhstan Technical University named after C. Serikbayev, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan.

Сведения об авторах

Махметова Надира Аманжолқызы – докторант, Восточно-Казахстанский университет имени С.Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан.

Аубакирова Жанна Сакеновна – кандидат исторических наук, ассоциированный профессор Восточно-Казахстанского технического университета имени С.Серикбаева, Усть-Каменогорск, Казахстан.